

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Боранбаева Ақтолқын Раисбековнаның «Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру» атты тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Докторант Боранбаева Ақтолқын Раисбековнаның «Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру» тақырыбына дайындаған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының «экономиканың орнықты дамуы үшін білім берудің және ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адами капиталды дамыту, зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру, сондай-ақ әлеуметтік экономикалық, рухани мәдени білімі бар білікті мамандармен қоғамды қамтамасыз ету болып отыр» деген негізгі мақсатына сәйкес көкейкесті мәселені қарастырып отыр.

Осыған орай білім саласында жасалып жатқан реформалар білімді де білгір, іскер, азаматтық белсенділігі мен өздігінен білім алуы дағдысы қалыптасқан, өздеріне жауапкершілік ала отырып, өздігінен шешімдер қабылдай білетін, стратегиялық мақсаттар қоя отырып, оларға қол жеткізе алатын, білімді де мәдениетті, халықаралық мәдени-кәсіптік қарым-қатынастарды жүзеге асыра алатын, яғни мәдениетаралық құзыретті мамандар даярлау болып саналады.

Осы тұрғыдан алып қарағанда Боранбаева Ақтолқын Раисбековнаның диссертациялық зерттеу тақырыбының теориялық мазмұнын айқындау барысында отандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдардың педагогикалық, психологиялық, философиялық зерттеулеріне жан-жақты талдау жасаған. Сонымен қатар, «өздігінен білім алу», «кәсіби өздігінен білім алу» ұғымдарына берілген анықтамаларды жүйелеп, осы ұғымдардың мәні мен мазмұнын өзінің зерттеу мәселесінің мақсатына орай тұжырымды пікірін білдіріп, ғылыми-теориялық тұрғыдан мазмұндық сипаттама жасаған. Бұл зерттеудің теориялық мазмұнын толықтай ашады.

Докторант Боранбаева Ақтолқын Раисбековна өзінің зерттеу тақырыбына байланысты ізденіс жұмыстары барысында өзінің жауапкершілігінің жоғарылығы мен ғылыми ізденіске икемділігін танытты. Базалық білімінің қазақ тілі мен әдебиеті пәніне байланысты болуы докторанттың ақпарат көздерін еркін меңгеруіне жол ашса, жауаптылығы мен тиянақтылығы зерттеу жұмыстарын мұқият жүргізуге мүмкіндік туғызды.

Зерттеу жұмысында болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру құралдарының ерекшеліктеріне байланысты топтастырылып, жүйеленуі;

студенттерге арналған оқу-әдістемелік құралдар, «Акмеология, жеке және әлеуметтік жетістіктер негіздері» атты элективті курс бағдарламасы жоспарының құрастырылуы жұмыстың тәжірибелік маңызын толықтай ашты.

Докторант диссертация жұмысын орындай жүріп, жас ғалымдар форумы мен конференцияларда баяндамаларымен қатысып, өзінің кәсіби-зерттеушілік қабілетін шыңдай түсті. Қазақстан Республикасы көлемінде жүргізіліп жатқан жұмыстар тәжірибесімен де танысып, аталмыш мәселеге қатысты ақпараттарды жинауда нәтижелі жұмыстар атқарды.

Тұлға ретінде А.Р.Боранбаева ұстамды, ғылыми ізденіске жаны құмар, ойлау қабілеті жоғары, білімді, ұғымтал, өзгелермен тіл табысу қабілеті де жоғары, еңбекқор және жауапты адам дер едім.

А.Р.Боранбаеваның ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі мазмұны халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен симпозиумдар, әр түрлі ғылыми басылымдарда жарық көрген 12 еңбегінде қамтылған. Атап айтқанда, Scopus базасына енген 3 ғылыми журналда, ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда 4 мақала, Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында 6 мақала сонымен қатар 2 элективті курс бағдарламасы әзірленіп, 2-оқу құралы, 1 оқу-әдістемелік құралы, 1 электрондық оқу құралы жарық көрген.

А.Р.Боранбаеваның аталмыш зерттеу жұмысының мазмұны мен болашақ мамандар даярлау жүйесінде берген ұсыныстары мен бағдарламалары сапалы маман даярлауда өз үлесін қосатын жұмыстардың бірі болады деп үміттенемін.

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған А.Р.Боранбаеваның «Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру» атты тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарын толығымен қанағаттандырады. Актолқын Раибековна Боранбаева «Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясын Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы 6D010000 – Білім беру (педагогикалық ғылымдар) диссертациялық Кеңесте қорғауға лайықты деп пікір білдіремін.

Ғылыми кеңесші
Қ.А.Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
Университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы



К.М. Беркимбаев
К.М. Беркимбаев
ҚОЛЫН
РАСТАЙМЫН:
Қ.А.Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті
Кадр бөлімінің
бастығы